

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 13 қаңтар

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А.Дронов,
баяндаушы судья К.К. Джунушпаев,
судьялар Э.В. Айриян, Д.П. Александров, А.А. Забара,
Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова,
А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы Б. Мухамет уулудың қатысуымен,
баяндамашы судьяны тыңдап, іс материалдарын зерделеп,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 50, 68, 69,
98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72,
75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның Монополияға қарсы
реттеу департаменті бақылау және стратегиялық жоспарлау бөлімінің
кеңесшісі Владимир Николаевич Чирковтың 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың және 2019 жылғы
20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы
келісімнің жекелеген ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші
бойынша Консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. В.Н. Чирков (бұдан әрі – өтініш беруші) 2014 жылғы
29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі
– Шарт) № 32 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық
одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер
туралы ереженің (бұдан әрі – Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереже)
53 және 54-тармақтарының, Шартқа № 2 қосымша болып табылатын
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Статут)
45-тармағының, сондай-ақ 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық
экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен
қамсыздандыру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) жекелеген
ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ
Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

В.Н. Чирков Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметкері бола отырып, Комиссия Алқасының Төрағасына федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік азаматтық қызмет өтілін белгілеуге жәрдем көрсету туралы және Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органы басшысының атына еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу туралы Комиссия Алқасы Төрағасының ұсынымын жіберу туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағында белгіленген еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы құқығын иелену үшін шарттардың болмауына байланысты оның мұндай зейнетақыға құқығы туындамайтыны хабарланған Комиссияның Істерді басқару департаменті директорының қолы қойылған 2025 жылғы 9 шілдедегі № 05-753 хатпен жауап алды.

Хатта атап көрсетілгендей, еңбек сіңірген жылдары үшін құқықтың туындауы шарттарының болмауының негізгі себептері Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі: Ресей Федерациясы азаматтығының болмауы және қызметкердің Комиссияда жұмыс істегенге дейін федералдық мемлекеттік қызмет лауазымдарын атқарудың болмауы болып табылады.

2. Ресей Федерациясында тұруға ықтиярхаты бар өтініш берушінің (Қазақстан Республикасы азаматының) пікірі бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқық нормалары теңдік қағидатына орай Ресей Федерациясында федералдық мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін Одаққа мүше мемлекет азаматының басқа мемлекеттердің (бұл жағдайда – Қазақстан Республикасы) аумағында жиналған жұмыс өтілін мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне енгізуге жол берілетінін айқындауға мүмкіндік бермейді.

3. Өтініш беруші Соттан мынадай мәселелер бойынша Консультативтік қорытынды ұсынуды сұрайды:

3.1. Ресей заңнамасы Ресей Федерациясында тұруға ықтиярхаты бар шетелдік азаматтың Ресей Федерациясы азаматтарына белгіленген негізде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуды көздеуіне мүмкіндік беретін жағдайда, Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағы теңдік қағидатына орай басқа мүше мемлекет азаматының Комиссиядағы жұмыс өтілін Ресей Федерациясының азаматтары секілді

Ресей Федерациясында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін қажетті өтіл ретінде есепке алуға жол беріле ме?

3.2. Келісімнің 7-бабының 2-тармағы бір мүше мемлекеттің (Ресей Федерациясының) аумағында жиналған өтілі жеткілікті болмаған кезде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығының туындауы үшін басқа мүше мемлекеттің аумағында жиналған мемлекеттік қызмет өтілі есептелетінін білдіре ме?

3.3. Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының атына ұсыным жіберу талап етілетін жағдайларда Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы шеңберінде Комиссия Алқасы Төрағасында Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағына балама осындай ұсынымды жүзеге асыру міндеті туындайды ма?

3.4. Мүше мемлекеттің азаматтары болып табылатын және басқа мүше мемлекеттің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын Одақтың халықаралық қызметшілері Келісімнің қолданылу аясына түседі ме?

3.5. Статуттың 46-тармағына сәйкес Сот Одақ органдарының және Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өтініші бойынша еңбектік құқықтық қатынастарға байланысты Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады. Бұл өтініш берушінің зейнетке шығу кезінде қызметкер бола отырып, оған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау мәселесі ашық күйінде қалатынына қарамастан Сотқа түсініктеме беру үшін жүгіну мүмкіндігінен айырылатынын білдіре ме?

II. Соттағы рәсім

4. Соттың Үлкен алқасының 2025 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен В.Н. Чирковтың өтініші өндіріске қабылданды. Статуттың 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) айқындалады. Регламенттің 75-бабына сәйкес істі қарауға дайындық шеңберінде өтініш беруші қойған сұрақтар бойынша Одаққа мүше мемлекеттердің жоғары сот инстанциялары мен мемлекеттік органдарынан қосымша мәліметтер және пікірлер сұратылды.

Сотқа тиісті ақпаратты және материалдарды Армения Республикасының Конституциялық Соты, Армения Республикасының Кассациялық Соты, Беларусь Республикасының Конституциялық Соты,

Беларусь Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Қырғыз Республикасының Конституциялық Соты, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Соты, Ресей Федерациясының Конституциялық Соты, Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты, Армения Республикасының Әділет министрлігі, Армения Республикасының Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігі, Беларусь Республикасының Әділет министрлігі, Беларусь Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі, Қырғыз Республикасының Еңбек, әлеуметтік қамтамасыз ету және көші-кон министрлігі, Қырғыз Республикасының Әлеуметтік қоры, Ресей Федерациясының Әділет министрлігі, Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы, Жалпы Кәсіподақтар Конфедерациясы және Еуразиялық экономикалық комиссия ұсынды.

III. Соттың қорытындылары

5. Шарттың 1, 5-баптарына сәйкес Одаққа өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде құзырет беріледі.

Шарттың 8 және 19-баптарына сәйкес Сот құзыреті оның Статутымен айқындалатын Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады. Статуттың 2-тармағына орай Сот қызметінің мақсаты мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Сот Статуттың 46 және 50-тармақтарын басшылыққа ала отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын қолданумен Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Халықаралық шарт 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 31-бабына сәйкес шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

6. Осы Консультативтік қорытындының мәні: мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін Комиссиядағы жұмыс өтілін есепке алу кезінде теңдік қағидатын қолдануды қоса алғанда, Соттың Одақтың халықаралық қызметшілерін

зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты Одақ құқығының жекелеген нормаларына Статуттың 46-тармағында көзделген түсіндірмені ұсыну; зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органына Ресей Федерациясындағы еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау туралы ұсынымды енгізу кезінде Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органының басшысы өкілеттіктерінің көлемі; Одақ органдарының еңбек қатынастарын тоқтатқан қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандыру құқығын іске асыру мәселелері бойынша түсіндірмелер алу үшін Сотқа жүгінуге процессуалдық құқық қабілеттілігі болып табылады.

7. Өтініш берушінің бірінші сұрағы Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағына мүше мемлекет азаматының Комиссиядағы жұмыс өтілін Ресей Федерациясында федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін қажетті өтіл ретінде есепке алу мүмкіндігі бөлігінде түсініктеме беруге қатысты.

Комиссия мен Соттың, Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының функцияларын орындауды қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 2-тармағына орай Одақтың халықаралық қызметшілері болып табылады.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағына сәйкес Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңдері мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметті өткеру кезеңінде әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу үшін және мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметі өтіліне қосылады.

8. Халықаралық қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44, 46, 47, 50, 53 және 54-тармақтарымен реттеледі.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 46-тармағында халықаралық қызметшілердің Комиссиядағы және Одақ Сотындағы жұмыс істеген кезеңдерін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтандыру немесе еңбек өтіліне есептеу туралы сөз болады.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 47-тармағына сәйкес Одақтың халықаралық қызметшілері өз өкілеттіктерін орындау кезінде алған еңбекақысы зейнетақы мөлшерін айқындау кезінде олар

азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес есептеледі.

9. Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы мыналарды: қажетті ең аз мемлекеттік қызмет өтілін; тікелей жұмыстан босату алдында кемінде 3 жыл Одақ органында жұмыс істеу кезеңін; Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында кінәлі әрекеттеріне байланысты емес лауазымнан босатылуды; Комиссиядағы және Соттағы жұмысқа дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымын атқаруды қоса алғанда Ресей Федерациясы азаматтарының осы құқықты иеленуі үшін міндетті шарттарды қамтиды. Осы шарттардың кем дегенде біреуінің сақталмауы осы норманы қолданудың мүмкін болмауына алып келеді.

Сот бұрын Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы субъектілік құрамы бойынша оның қолданылу саласы Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Комиссия Алқасының және Соттың лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен шектелетіндіктен, арнайы сипатты иеленетіні, сондай-ақ тек осындай тұлғалар үшін Ресей Федерациясында зейнетақымен қамсыздандырудың нақты түріне – федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығының туындауын белгілейтіні туралы құқықтық ұстанымды қалыптастырған болатын (Р-2/24 іс бойынша 2024 жылғы 28 наурыздағы Консультативтік қорытынды).

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағына қарағанда, 54-тармағы Комиссияда және Сотта жұмыс істеу кезеңдерін мемлекеттік қызмет өтіліне қосу үшін қандайда бір шартқа нұсқауды қамтымайды және Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарындағы халықаралық қызмет өтілі мен мүше мемлекеттердегі мемлекеттік қызметтің арақатынасы мәселесін ғана реттейді (Соттың 2018 жылғы 20 желтоқсандағы Консультативтік қорытындысы).

Осылайша, Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағы барлық Одаққа мүше мемлекеттер үшін халықаралық қызметшілердің Комиссияда және Сотта жұмыс істеген кезеңдері мемлекеттік қызметті өткеру кезеңінде әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу үшін және мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін мүше мемлекеттің мемлекеттік қызмет өтіліне қосуға жататыны туралы жалпы талаптарды қамтиды.

10. Оған сәйкес Комиссияның және Соттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңін олар азаматтары болып табылатын мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет

өтіліне қосуды реттеу Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44-тармағына сәйкес Одақтың халықаралық қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру ерекшеліктеріне байланысты екенін атап өту керек.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44-тармағының бірінші абзацына сәйкес Комиссия мүшелерін, Сот судьяларын, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44-тармағының екінші абзацына сәйкес Одақтың халықаралық қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыруға міндетті аударымдарды аталған тұлғалар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттердің зейнетақы қорларына Одақ органдары жүргізеді, ал зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекет көтереді.

Осылайша, Одақ шеңберінде меншікті зейнетақы жүйесі жоқ.

Осыған байланысты Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында жұмыс істеу кезеңін халықаралық қызметшінің азаматтығы мемлекетінің мемлекеттік қызмет өтіліне есепке алу туралы талап Одақтың халықаралық қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандырудың Шарт нормаларында көзделген кепілдіктерін қамтамасыз ететін тетік болып табылады.

11. Өтініш беруші сілтеме жасайтын теңдік қағидаты Одақ құқығында көрініс табады (Келісімнің 3-бабы). Алайда оны қолдану арнайы нормамен – Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағымен реттелетін Ресей Федерациясының азаматтары үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындаудың белгіленген шарттарын кеңінен түсіндіруге алып келмейді. Әртүрлі субъектілерге қатысты зейнетақымен қамсыздандыруды әртүрлі құқықтық реттеуді белгілеу өз алдына теңдік қағидатын бұзу туралы куәландырмайды, өйткені ол өзінің мәртебесі мен қызмет түрі бойынша тұлғалардың бір санатына жататын субъектілер үшін тең құқықтар мен міндеттерге кепілдік береді.

Мәлімделгендер негізінде Соттың Үлкен алқасы Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағының нормалары басқа мүше мемлекет азаматының Комиссиядағы жұмыс өтілін федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің Ресей Федерациясында еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін қажетті өтіл ретінде есепке алу мүмкіндігін көздемейтіні туралы қорытынды жасайды. Халықаралық қызметшінің Одақтың тұрақты жұмыс істетін органында

жұмыс істеген кезеңі ол азаматы болып табылатын мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосылады.

Сонымен қатар, Соттың Үлкен алқасы Одақ шеңберінде Одақтың халықаралық қызметшілерін еңбек және әлеуметтік қамтамасыз етудің әртүрлі аспектілерін регламенттейтін құқықтық актіні қабылдау мүмкіндігі туралы № Р-5/17 іс бойынша 2017 жылғы 11 желтоқсандағы консультативтік қорытындыда мәлімделген құқықтық позицияны растайды. Одақ құқығындағы Одақтың халықаралық қызметшілерін олардың азаматтығына қарай зейнетақымен қамсыздандырудың қолданыстағы біркелкі емес режимі Одақтың халықаралық қызметінің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етуге әсер етпеуі тиіс, бұл құзыретті органдардың Одақ құқығын одан әрі жетілдіруі контекстінде назар аударуға тұрарлық.

12. Өтініш берушінің екінші сұрағы Келісімнің 7-бабының 2-тармағына түсініктеме беруге қатысты.

Келісімнің 7-бабының 2-тармағында егер бір мүше мемлекеттің аумағында жиналған жұмыс өтілі зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болса, мұндай жұмыс өтілі уақыты бойынша тура келген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің әрқайсысының заңнамасына сәйкес басқа мүше мемлекеттердің аумақтарында жиналған жұмыс өтілі ескерілетіні белгіленген.

Соттың Үлкен алқасы Келісімнің қолданылуы таралатын зейнетақы түрлері Келісімнің 2-бабында белгіленгенін атап көрсетеді.

Келісімнің 2-бабының 2-тармағын тікелей түсіндіруді ескере отырып, зейнетақы түрлерінің тізбесі жабық болып табылады және кеңейтіп түсіндіруге жатпайды.

Бұл қорытынды сонымен бірге Келісімнің 2-бабы 3-тармағының ережесімен бекітіледі, оның негізінде зейнетақының (жәрдемақының) өзге де түрлері еңбекші (отбасы мүшесі) тұратын мемлекеттің заңнамасына сәйкес тағайындалады және төленеді.

«Еңбек сіңірген жылдарға зейнетақы» секілді зейнетақы түрі тек Армения Республикасында (Келісімнің 2.1-тармақшасы) және Беларусь Республикасында (Келісімнің 2.2-тармақшасы) айқындалған. Бұл ретте Соттың сұрау салуына Армения Республикасының Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігінің жауабына сәйкес «мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы» секілді зейнетақы түрі Армения Республикасының заңнамасында көзделмеген. Беларусь Республикасында тікелей нұсқауға байланысты Келісім мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасына, Қырғыз Республикасына және Ресей Федерациясына қатысты «еңбек сіңірген жылдарға зейнетақы» Келісімді қолдануға жататын зейнетақы түрі ретінде көрсетілмеген.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 103 шешімімен мақұлданған Зейнетақымен камсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарт тұжырымдамасына сәйкес «Шарт қарулы күштердің және басқа да әскери құралымдардың әскери қызметшілерін, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының тұлғаларын, отбасы мүшелерін, көрсетілген санаттарға теңестірілген басқа да тұлғаларды арнайы заңнамаға сәйкес зейнетақымен камсыздандыру бөлігінде зейнетақымен камсыздандыру жөніндегі қатынастарға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге (Ресей Федерациясында – мемлекеттік азаматтық қызметшілерге) қолданылмауы тиіс». Осылайша, Келісімді әзірлеу кезінде уағдаласушы тараптар мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға оның қолданылуы таралатынын болжамаған. Келісімде осындай тәсілдеме іске асырылған.

Соттың Үлкен алқасы мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы Келісімнің 2-бабының 2-тармағында (соның ішінде 2.5-тармақшасында) тізіп көрсетілген зейнетақы түрлерінің ешқайсысына жатпайтынын белгілейді.

Бұл ретте, Келісімнің 2-бабының 3-тармағында зейнетақының өзге де түрлері (яғни, Келісімнің 2-бабының 2-тармағында тікелей айқындалмаған түрлері) еңбекші (отбасы мүшесі) тұратын мемлекеттің заңнамасына сәйкес тағайындалатыны және төленетіні белгіленген.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы Келісім, соның ішінде 7-баптың 2-тармағы Ресей Федерациясында федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығының туындауы үшін қажетті өтілді есептеу мәселесін қамтымайды деген қорытынды жасайды.

13. Өтініш берушінің «Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы шеңберінде» Комиссия Алқасы Төрағасының зейнетақымен камсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органы басшысының атына Комиссияның халықаралық қызметшісіне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау туралы ұсыным жіберу міндеті туындайтынына және осы міндетті «Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағына ұқсас» жүзеге асыруға қатысты сұрағын талдау өтініш беруші оны тұжырымдау кезінде техникалық қателікке жол берген деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Комиссия Алқасы

Төрағасының осындай ұсынымды жіберуін көздейтін норма Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағында қамтылған. Өз кезегінде, осы Ереженің 54-тармағы жоғарыда аталған ұсынымды жіберу туралы мәселені қозғамайды, Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңдері тиісті мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосылатынын көздейді.

Баяндалғандарды ескере отырып, өтініш берушінің сұрағының мәні лауазымды тұлға немесе қызметкер Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органында (органдарында) оның жұмыс істеген кезеңінде жинаған (және Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағы негізінде мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосуға жататын) еңбек өтілі осы лауазымды тұлғаға/қызметкерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға үміткер болу құқығын беретін жағдайда Комиссия Алқасы Төрағасының жоғарыда аталған ұсынымды жіберу міндеті туындайтынын анықтаудан тұрады.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы Комиссия Алқасы Төрағасының онда көзделген ұсынымды, егер осындай ұсынымның мәні Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағында көрсетілген барлық өзге де шарттарға жауап беретін, Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын Одақтың халықаралық қызметшісінің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы белгілеу болып табылатын жағдайда ғана зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органы басшысының атына жіберуі үшін негіз ретінде қызмет етуі мүмкін деген қорытындығы келеді.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын іске асыру атқарушы биліктің уәкілетті федералдық органы жүзеге асыратын оны тағайындау рәсімін регламенттейтін Ресей заңнамасының ерекшеліктерімен байланысты екенін атап өту қажет.

Мәселен, еңбек сіңірген жылдары үшін, соның ішінде федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілерге зейнетақы тағайындау Ресей Федерациясының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ұлттық заңнамасымен («Ресей Федерациясында мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Ресей Федерациясының федералдық заңымен, Ресей Федерациясы Президентінің «Қызмет (жұмыс) кезеңдері федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік азаматтық қызмет

өтіліне қосылатын лауазымдар тізбесі туралы» 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 1141 жарғысымен, Ресей Федерациясы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 436н бұйрығымен) реттеледі.

Федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы белгілеу үшін қажетті құжаттардың тізбесінде (Ресей Федерациясы Еңбек министрлігінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 426н бұйрығына № 1 қосымша) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін қажетті құжаттар қатарында «еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындауға федералдық мемлекеттік органның ұсынымы» айқындалған.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағының бірінші абзацына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу туралы шешімді Комиссия Алқасы Төрағасы мен Сот Төрағасының ұсынымы бойынша зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының басшысы қабылдайды.

Соттың Үлкен алқасы Р-5/18 іс бойынша 2018 жылғы 20 желтоқсандағы Консультативтік қорытындыда атап өткендей, Комиссия Алқасының Төрағасына және Сот Төрағасына оның негізінде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының басшысы еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы белгілеу мәселесі бойынша тиісті шешім қабылдайтын ұсынымды жіберу өкілеттігі берілген.

Егер қажетті тиісті өтілі бар Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын Одақ қызметшісі Комиссияда жұмыс істегенге дейін Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметі лауазымын атқарған, Одақ органында кемінде 3 жыл қызмет еткен және оның босатылуы кінәлі әрекеттерге байланысты болмаған болса, Жұмысшыға қатысты жалдаушының өкілі өкілеттігін жүзеге асыратын Комиссия Алқасының Төрағасында Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағы бірінші абзацының екінші сөйлемінде көзделген ұсынымды жіберу үшін негіздемелер бар.

Баяндалғанды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы жиынтығы бойынша Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағына сәйкес федералдық мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға құқығы айқындалатын барлық шарттар сақталған кезде Комиссия Алқасының Төрағасы немесе Сот Төрағасы зейнетақымен

қамсыздандыру саласындағы құзыретті органның мекенжайына, зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Ресей Федерациясының атқарушы билік федералдық органына Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Комиссия мен Соттың қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы белгілеу туралы ұсынымды жібереді деген қорытындыға келеді.

Соттың Үлкен алқасы сонымен қатар Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 54-тармағы негізінде Комиссияның және Соттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңдері, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосылатынын атап өтеді. Бұл ретте көрсетілген тармақтың қолданылу саласы Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Рдақтың халықаралық қызметшілеріне таралады.

Соттың Үлкен алқасы сонымен қатар Одақ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Р-5/18 іс бойынша Консультативтік қорытындыда мәлімделген оған сәйкес Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағына қарағанда 54-тармағы Комиссиядағы және Соттағы жұмысқа дейін Ресей Федерациясының мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі болмаған тұлғаларға қолданылатын құқықтық ұстанымды растайды.

Осылайша, Ресей азаматы болып табылатын және Комиссияда және/немесе Сотта жалпы ұзақтығы Ресей Федерациясының заңнамасында федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін белгіленген мерзімге сәйкес келетін жұмыс өтілі бар Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органының лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44, 46, 47 және 54-тармақтары негізінде осындай лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің оның Комиссияда және/немесе Сотта жұмыс істеу кезеңі алдындағы кезеңде мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің болуына қарамастан федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін Ресей Федерациясының заңнамасында айқындалған шарттарға және тәртіпке сәйкес тағайындалатын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға үміткер болуға құқығы бар.

Егер осындай лауазымды тұлға немесе қызметкер Комиссиядан немесе Соттан тікелей босатылғаннан кейін зейнетке шығатын жағдайда

зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органы басшысының көрсетілген тұлғаларға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау туралы ұсынымды (шешімді) қабылдауы үшін қай органның ұсынымы негіз ретінде қызмет атқаратыны туралы сұрақ туындайды.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы мұндай лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге Әлеуметтік кепілдіктер туралы ережеде (оның 54-тармағын қоса алғанда) көзделген зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік кепілдіктерді қолдану үшін негіз олардың Одақта қолданыстағы қағидаларға сәйкес осындай құқықтық қатынастарға қатысты уәкілетті өкілдері Комиссия Алқасының Төрағасы немесе, тиісінше, Сот Төрағасы болатын Комиссия және/немесе Сот тұлғасында жұмыс берушімен еңбек құқықтық қатынастарына қатысуы болып табылатынын атап көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44, 46, 47, 53 және 54-тармақтарының өзара байланысты оқылуы негізінде жоғарыда сипатталған жағдайларға Одақтың Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын халықаралық қызметшілерін адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының теңдігі мен үстемдігі қағидаттары негізінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы нормаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53-тармағында көзделген рәсім қолданылуға жатады деген қорытындыға келеді.

Бұл қорытынды Ресей Федерациясынан өзге мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге олардың азаматтығы мемлекетінде оларға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға үміткер болуға негіз беретін заңнама нормалары қабылданған жағдайда және жария билік органы немесе халықаралық ұйымның құзыретті органы тұлғасында олардың жұмыс берушісінің еңбек сіңірген жылдарға зейнетақы тағайындау үшін ұсыныс жіберуі туралы талап болған кезде қолданылатын болады.

14. Төртінші сұрақ бойынша өтініш беруші Келісімді қолданудың Одақ органдарының халықаралық қызметшілеріне таралуы туралы түсініктеме ұсынуды сұрайды.

Келісімнің 2-бабының 1-тармағында ол еңбекшілерге және отбасы мүшелеріне қатысты қолданылатыны белгіленген. Келісімнің мақсаттары үшін 1-бапта көрсетілгендей, «еңбекшілер» деп басқа мүше мемлекеттің аумағында еңбек немесе өзге де қызметті жүзеге асыру

арқылы зейнетақы құқықтары қалыптасатын не қалыптасқан мүше мемлекеттің азаматы түсіндіріледі.

Келісімнің 3-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын дәл сондай шарттарда және дәл сондай тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен, ал еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналастыруға мемлекеттің азаматтарына арналған дәл сондай шарттарда жүзеге асырылады.

Осылайша, Келісімге сәйкес оның азаматтығы мемлекетінен өзге мүше мемлекетте (жұмысқа орналастырушы мемлекетте) еңбекшінің зейнетақы құқықтарын қалыптастырудың шарты еңбекшілердің еңбек қызметін осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыруы және жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен ортақ негізде оның заңнамасында белгіленген оның зейнетақы қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша талаптарды орындау болып табылады.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы Шарт негізінде Одақтың халықаралық қызметшілеріне қолдануға жататын зейнетақы құқықтарын қалыптастыру тәртібі Келісімде белгіленген еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру тәртібінен елеулі түрде ерекшеленетінін атап көрсетеді.

Одақтың халықаралық қызметшілеріне қатысты арнайы режим көзделген, оған сәйкес олардың Одақ органымен немесе органдарымен құқықтық қатынастарына байланысты зейнетақы құқықтары Одақ органы орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес емес, олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің зейнетақы заңнамасына сәйкес Шарттың талаптарын сақтай отырып қалыптастырылады.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 44-тармағына сәйкес халықаралық қызметшілер болып табылатын Комиссия Алқасы мүшелерінің, Сот судьяларының, лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің зейнетақымен қамтамасыз етілуіне міндетті аударымдарды Одақ органдары көрсетілген тұлғалар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттердің зейнетақы қорларына Одақ бюджеті қаражаты есебінен жалақыдан ұстамай тиісті мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде жүргізеді. Комиссия Алқасының мүшелеріне, Сот судьяларына, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекет көтереді.

Келісім Шарттың, соның ішінде Әлеуметтік кепілдіктер туралы ережеде қамтылған арнайы нормаларына сәйкес реттелетін Одақтың

халықаралық қызметшілерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыруға байланысты құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

Баяндалғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы Одақтың халықаралық қызметшілерінде келген елде осы Келісіммен белгіленген зейнетақы құқықтары туындамайды және олар Келісім мағынасында «еңбекшілер» болып саналмайды деген қорытындыға келеді.

Демек, Одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім бір мүше мемлекеттің азаматтары болып табылатын және басқа мүше мемлекеттің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын Одақтың халықаралық қызметшілеріне қолданылмайды.

15. Өтініш берушінің бесінші сұрағы бұрын Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында жұмыс істеген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің Статуттың 46-тармағы шеңберінде еңбек құқық қатынастарымен байланысты Одақ құқығының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен Сотқа жүгінуі мүмкіндігіне қатысты.

Шарттың 2-бабының төртінші абзацына сәйкес «лауазымды тұлғалар» деп мүше мемлекеттердің Комиссия департаменттерінің директорлары және Комиссия департаменттері директорларының орынбасарлары, сондай-ақ Сот Хатшылығының басшысы, Сот Хатшылығы басшысының орынбасарлары және Сот судьяларының кеңесшілері лауазымдарына тағайындалған азаматтары; осы баптың он төртінші абзацына сәйкес «қызметкерлер» деп өздерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында жұмыс істейтін және лауазымды адамдар болып табылмайтын мүше мемлекеттердің азаматтары түсіндіріледі.

Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 53 және 54-тармақтарында көзделген әлеуметтік кепілдіктер Комиссияда және Одақ Сотында қызмет еткен лауазымдарынан босатылған, яғни мұндай құқықтар іске асырылатын сәтте Одақ органдарында еңбек қатынастарында болмайтын тұлғаларға қолданылады. Тиісінше, Шарттың ережелерінде көзделген еңбек құқық қатынастарымен байланысты құқықтарды іске асыру осы тұлғалардың Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында тікелей еңбек функцияларын атқару уақытында ғана емес, сонымен бірге атқаратын лауазымдарынан босатылғаннан кейін де мүмкін болады.

Мұндай қорытындылар Одақ органының лауазымды тұлғасын немесе қызметкерін Одақ органымен еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатқаннан кейінгі кезеңде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Шартта белгіленген әлеуметтік кепілдіктердің таралуы туралы Соттың бұрын әзірлеген ұстанымымен келісіледі, бұл Одақ органының босатылған қызметкерінің Статуттың 46-тармағының тәртібінде

түсіндіру туралы өтінішпен Сотқа жүгіну құқығын жоққа шығармайды (Р-2/24 іс бойынша 2024 жылғы 28 наурыздағы Консультативтік қорытынды). Бұл ретте мұндай өтініштің қолайлылығы туралы мәселені Сот барлық мән-жайларды, өтініш берушінің ұйымдағы жұмыс кезеңімен құқықтық байланысын негіздеуді ескере отырып және Статут пен Регламенттің талаптарын қатаң сақтай отырып, әрбір нақты жағдайда шешеді.

Бұл тәсілдеме Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында бұрын жұмыс істеген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің процессуалдық құқық субъектілігіне қатысты құқықтық айқындылық енгізеді, олардың Сотқа жүгіну құқығын шектемейді.

16. Баяндалғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

16.1. Одақтың құқығы ол азаматы болып табылмайтын мемлекетте мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін Одақ органының лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің жұмыс өтілін есепке алу мүмкіндігін көздемейді. Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органының халықаралық қызметшісінің жұмыс кезеңі оның азаматтығы мемлекетінің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосылады.

16.2. Келісімнің 7-бабының 2-тармағы Ресей Федерациясында федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға құқығының туындауы үшін қажетті өтілін есептеу мәселелерін қамтымайды.

16.3. Шартқа Әлеуметтік кепілдіктер туралы қосымшада көзделген Одақтың халықаралық қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы нормалар негізінде Комиссия Алқасының Төрағасы немесе Сот Төрағасы (54-тармақты қоса алғанда) және Шарттың күшіне орай Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Одақтың халықаралық қызметшілеріне қолдануға жататын мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу үшін Ресей Федерациясының заңнамасында айқындалған жағдайлар болған кезде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органының басшысына Одақтың халықаралық қызметшісіне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау туралы ұсынымды жібереді.

Осы тармақшада көрсетілген Ресей заңнамасында зейнетақының осы түрін құқықтық реттеу ерекшеліктерімен шарттастырылған Одақтың

халықаралық қызметшілеріне қатысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау тәртібінің қолданылу саласы Ресей Федерациясының азаматтары болып табылмайтын Одақтың халықаралық қызметшілеріне таралмайды.

16.4. Келісім бір мүше мемлекеттің азаматтары болып табылатын және өз функциясын басқа мүше мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының халықаралық қызметшілеріне мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау бөлігінде қолданылмайды.

16.5. Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарында еңбек қатынастарын тоқтату Одақтың бұрын жұмыс істеген халықаралық қызметшілерінің Статуттың 46-тармағы шеңберінде Одақ құқығының ережелерін түсіндіру үшін Сотқа жүгіну мүмкіндігін жоққа шығармайды. Соттың түсіндіруді жүзеге асыру құзыретінің болуы туралы мәселені әрбір нақты жағдайда барлық мән-жайларды, өтініш берушінің Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарындағы жұмыс кезеңімен құқықтық байланысын негіздеуін ескере отырып, Сот шешеді.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян